

Ұлттық тәрбиенің тағылымы зор

Қазақ – құзыреттілігі, имандылығы, адамгершілік сана-сезімі көзінен, жүрегінен көрінетін, патриоттығы ішінде ұйып жатқан, өзгені жатсынбайтын, алақанын айқара ашып қарсы алатын кең пейілді халық. Ата-бабаларымыздың құдыреттілігін бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

«Елім» деген ері бар елдің, «ерім» деген елі бар ердің қашанда мәртебесі биікте. Отан үшін, ел үшін, ата-қоныс жер үшін ата-бабаларымыз қанын төксе, қазіргі біздің парызымыз - сол елдің түтінінің түзу, жолының ашық, мәртебесінің биік, беделінің асқақ болуы үшін тер төгу. Және де келешек ұрпақты осы құндылықтарды сақтауға баулу, тәрбиелеу, дұрыс жол көрсету.

Бүкіл білім беру жүйесі арқылы осыларды сыртқа шығару, жоғары дәрежеге көтеру қажет, ол үшін сапалы патриоттық тәрбие керек. Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, әрбір азаматтың мемлекет алдындағы борышын орындау. Бұған сырттай әсер ету мүмкін емес, ол іштен шығатын, дамитын, қалыптасатын ерекше қасиет. Ол – қазақ менталитетінің ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан халыққа тән санамен келген ойлау нәтижесі.

Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті – өз елінің азаматы, патриотын тәрбиелеу, рухани мұрадағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер, патриоттық сана-сезім, оған деген ғылыми көзқарас.

Қазақстан Республикасында білім беру саласы бойынша қоғамның бүгінгі күнгі талабы әрбір адамды Отанын сүйуге, туған жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық салт-дәстүрлерінің құндылығын мақтаныш тұтуға, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға бағыт беруде талмай еңбек етуді қажет санайды. Сондықтан болашақ мамандардың патриоттық тәрбиесіне ерекше мән беру, олардың бойында патриотизмді қалыптастыру қоғам болашағының өркендеуін, елімізде тыныштық пен бейбітшіліктің мәңгілік қанат жаюын қамтамасыз ететіні анық.

Ұлттық қасиеттеріміздің ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Осы ретте елі үшін жанқиярлықпен еңбек етуге, елін, жерін қорғауға дайын, патриоттық тәрбие бесігі – ведомстволық оқу орындарының алар орны ерекше. Аталған оқу орындарының тыңдаушыларына ұлттық патриоттық тәрбие беру кең көлемде жүргізілуі тиіс. Тыңдаушылар бойында патриоттық сананы қалыптастыру тек қана жиын өткізумен шектеліп қалмауы тиіс. Бұл бағытта атқарылатын жұмыс жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие процесінің ең өзектісі, ең маңыздысы болып белгіленуі қажет.

Бұл істердің жүзеге асуы тыңдаушылардың оқу-тәрбие жұмысына шығармашылық көзқарас тұрғысынан келуімен тығыз байланысты. Қазақстан жағдайындағы патриоттық тәрбие оқу және оқудан тыс тәрбие жұмыстарының бірлігінде, тыңдаушылардың дербес ерекшеліктерін есепке ала отырып, тәрбие әдістерін және тәрбие ісі жіктемесін мақсатты түрде таңдап, олардың үздіксіз өзгеруі мен күрделенуінің, көп түрлі болуының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

Сонымен жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім беру жүйесінің қажетті компоненті болып табылады. Тәрбиенің күрделі процесінің маңызды бір қыры тыңдаушылардың патриоттыққа бағдарланған тұлғасын тәрбиелеу болуы тиіс. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына ғана емес, әрбір жас ұрпақтың дара тұлғалық дамуына бағытталған педагогика ғылымының қазіргі бағыттарына да сәйкес келуі қажет. Өйткені Отанға деген сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуі емес, өз елін мақтан тұтуы, өзін онымен байланыста сезуі үшін қажет.

Әр Жолдауында қазақ жастарына өнеге боларлықтай даналығын айтатын Елбасы Н.А. Назарбаев өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты 2014 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Отанды сүю - бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні - осы!», - деді. Елі үшін талмай еңбек етуді жұмысының түпкі мәніне айналдырар, жүрегі «елім, жерім» деп соққан азаматтарымыз көп болсын!

Бигүл Нуркина
ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы